



Әділдік іздеу жолында:

Қазақстан, Қырғызстан және
Өзбекстандағы қылмыстық сот
төрелігі жүйесі және жыныстық
(сексуалды сипаттағы)
зорлық-зомбылық істеріндегі
мүгедектігі бар әйелдер

Түйіндеме

Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанда мүгедектігі бар әйелдер мен қыз балалардың жыныстық (сексуалды сипаттағы) зорлық-зомбылыққа ұшырау қаупі өте жоғары, сонымен қатар, құқықтық сот төрелігіне жүгінулерінде заң және саяси әрекет шараларындағы олқылықтар әсерінен жүйелі түрдегі кедергілерге тап болып отырады. Осы үш мемлекет те Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы конвенция және Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенцияны ратификациялауларымен, жыныстық (сексуалды сипаттағы) зорлық-зомбылық істерінде жәбірленушіні қорғау және құқықтық сот төрелігін қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді мойындарына алды. Алайда, осы баяндаманың қорытындылары осы міндеттемелерді іс жүзіне асыруда елеулі кедергілердің әлі де сақталып келе жатқанын көрсетеді.

Мүгедектігі бар әйелдерге қатысты жыныстық (сексуалды сипаттағы) зорлық-зомбылықтарға осы үш мемлекеттегі қылмыстық сот төрелігі жүйесі қалай әрекет ететіндігін саралау үшін, «Методология» тарауында сипатталған және әртүрлі әдістерді қолдануға негізделген біздің көзқарасымыз зорлық-зомбылық көргендердің әңгімелерін, сарапшылардың пікірлерін, кабинеттік (аналитикалық) зерттеулер мен сот шешімдерінің талдауларын қамтиды.

Негізгі қорытындылар

Мүгедектігі бар әйелдерге қатысты жыныстық (сексуалды сипаттағы) зорлық-зомбылықтар туралы деректердегі олқылықтар

Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстандағы ресми статистикада жынысы/гендері және мүгедектігі бойынша кешенді әрі жалпықолжетімді бөлудің жоқтығы, деректер жинау ұлттық жүйесінде мүгедектігі бар әйелдерді іс жүзінде «көрінбейтін» қылып, назардан тыс қалдырады. Жан-жақты толық ресми деректердің болмауы жағдайында тәуелсіз Үкіметтік емес ұйымдардың зерттеулері осы өзекті мәселенің ауқымы мен ауырлығы туралы ақпараттың маңызды көзі болып табылады. Мысалы, 2025 жылы Қырғызстанда жүргізілген сауалнама бойынша 150 мүгедектігі бар әйелдің 140-ы (93%) зорлық-зомбылықтың кемінде бір нысанын басынан өткерген, және 27%-ы жыныстық (сексуалды сипаттағы) зорлық-зомбылық көргендерін айтқан. Қазақстан мен Өзбекстан бойынша осындай жалпыұлттық деректер шектеулі, дегенмен, осы баяндама үшін жиналған сапалы мәліметтер бұл елдерде де мүгедектігі бар әйелдерге қатысты жыныстық (сексуалды сипаттағы) зорлық-зомбылық қаупінің аса жоғары екендігін байқатады.



Халықаралық міндеттемелер және олардың ұлттық деңгейде жүзеге асырылуы арасындағы алшақтық

Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы конвенция, Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның ратификациялануына қарамастан, осы үш мемлекеттің біреуі де осы міндеттемелерді толық түрде мүгедектігі бар әйелдерді жыныстық (сексуалды сипаттағы) зорлық-зомбылықтан тиімді қорғау құралына айналдырған жоқ. Теңдік, кемсітпеу және сот төрелігінің қолжетімділігі қағидаттары (оның ішінде оңтайлы және процессуалды бейімдеулер) әлі де іс жүзінде толық орындалмайды, себебі, бірқатар ұлттық заңдар, саясаткерлердің ұстанымдары, институттар осы конвенциялармен анықталған стандарттарға сәйкес келмейді.

Жыныстық (сексуалды сипаттағы) зорлық-зомбылықтың ескірген заңдық анықтамасы құқықтық сот төрелігіне қолжеткізуге кедергі келтіруде

Осы үш мемлекеттің де Қылмыстық іс кодекстері зорлық-зомбылықты келісім жоқтығы тұрғысынан емес, Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенция және басқа да халықаралық стандарттарға қайшы физикалық күш қолдану, оны қолдану қаупі немесе жәбірленушінің «дәрменсіз күйі» тұрғысынан ғана анықтауды бұрынғысынша қолданып келеді. Мүгедекті бар адамдарға ғана емес сонымен қатар мүгедектігі жоқ адамдарға да формалды тарайтын осындай тар анықтама, зорлық-зомбылықтың және жыныстық (сексуалды сипаттағы) зорлық-зомбылықтың басқа да нысандарының бар залалын назарға ала алмайды және зорлық-зомбылықтың көптеген жағдайларының, әсіресе, көптүрлі кемсітушілікті бастарынан өткізуге мәжбүр мүгедектігі бар әйелдерге қатысты жағдайлардың құқықтық бағалануынсыз қалу қаупін тудырады.

Мүгедектік саласындағы заңнама құқықтық субъектілікті шектеуге және институционалдандыруды сақтауға мүмкіндік беретін медициналық модельге әлі де көбірек сүйенеді

Бірқатар құқықтық реформалар және адам құқығына негізделген көзқарастарға сүйенетін қадамдарға қарамастан Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстандағы мүгедектік саласындағы заңнама медициналық және «қайырымдылыққа» (қайырымдылық) бағытталған модельді бұрынғыдай басым түрде көрсетеді. Құқық және қолдау шаралары әлеуметтік және орта кедергілерін жоюға емес, әлі де диагностикалық санаттарға сүйенеді. Бұл жүйе көбінесе, адамдарды, әсіресе психоәлеуметтік не интеллектуалдық денсаулығында бұзушылығы бар адамдары, құқықтық субъектіліктерінен айыратын қорғаншылық режимді қолдайды, бұл Мүгедектігі бар адамдардың құқығы туралы конвенцияның 12 бабына қайшы. Институционалдандыру (мүгедектігі бар адамдарды тұрақты не ұзақ уақыт бойы тұруға арналған мекемелерге орналастыру) күні бүгінге дейін кең тараған тәжірибе болып қалуда, бұндай жағдайларда мүгедектігі бар әйелдердің мекеме ішінде жыныстық (сексуалды сипаттағы) зорлық-зомбылыққа ұшырау қаупі аса жоғарылайды, және олар құқықтық сот төрелігіне жүгінуде де қосымша кедергілерге тап болады.

Құқықтық сот төрелігі тетіктері едәуір дәрежеде фрагментті және қиын қол жетімді болып қалуда

Бұндай істерде құқықтық сот төрелігі – зорлық-зомбылық әрекетін анықтау, өтініш беру, тергеу жүргізу, қылмыстық қудалау/айыптауды қолдау және сот талқылауынан құралатын тізбектеме болып табылады, осы тізбектеменің кез келген кезеңіндегі олқылық процестің тоқтатылуы және жазасыздықтың нығаюына әкелуі мүмкін. Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы конвенция және басқа да халықаралық міндеттемелердің болғанымен, оңтайлы және процессуалдық бейімдеулерді қамтамасыз етуде олқылықтар іс жүзінде сақталуда. Мекеме/құрылым және барлық процедуралар әрдайым қолжетімді емес, қолжетімді форматтар, қарым-қатынасты қолдау, аударма жасау, жауап алудың жарақат-ақпараттандыру әдістері және үзіліссіз заңдық сүйемелдеулер күні бүгінге дейін барлық кезеңдерге енгізілмеген. Шелтер, психоәлеуметтік қолдау және заңгер көмегі сияқты қолдау қызметтері бар, алайда олар тең ауқымда бөлінбеген және жыныстық (сексуалды сипаттағы) зорлық-зомбылыққа ұшыраған мүгедектігі бар әйелдердің түрлі қажеттіліктеріне орай жеткілікті түрде бейімделмеген.

Гендер және мүгедектікке қатысты стереотиптер іс жүрісінің баяулауы не үзілуіне, зорлық-зомбылық көргендерді қайта жаралауға және айыптылардың жауапкершілік дәрежесінің нақты төмендеуіне ықпал етулері мүмкін. Психоәлеуметтік мүгедектігі бар жәбірленушілер олардың мүмкін «құзыреттілігін» немесе куәгер ретіндегі «сенімділігін» анықтау үшін психиатриялық не психологиялық сараптамаларға жиі тартылады. Егер олардың «іс үшін маңызды жағдайларды дұрыс қабылдауға және олар туралы айтуға қабілетсіздігі» анықталатын болса, онда мұндай жәбірленушілердің көрсетулері дәлел ретінде жарамсыз деп танылады, осыған орай істердің жанжақты тергеусіз тоқтатылулары не айыптаудың қолдау ала алмаулары жүйелі түрде орын алуда, бұл Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы конвенцияның стандарттарына қайшы.

Процессуалдық тәжірибе мен дәлелдеу тәжірибесі зорлық-зомбылық көргендерге қатысты толық ауқымда бейімделмеген болып қалуда; гендер не мүгедектікке байланысты аспектілер әрдайым ескеріле бермейді; жауап алудың қайталана берулері және фрагменті процедуралар қайта виктимизациялану қаупін тудырады; және-те дәлелдер жинау барысында басымдылық контекст (мән-жай) пен көрсетулерге емес, бұрынғысынша дене жарақаттары мен биологиялық іздерге беріледі.

Credit: Natalia Amaglobeli



Негізгі ұсыныстар

Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы конвенция және Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенция аясындағы өздерінің міндеттемелерін орындау және жыныстық (сексуалды сипаттағы) зорлық-зомбылық көрген мүгедектігі бар әйелдер мен қыз балалардың құқықтық сот төрелігіне қолжетімділіктерін жақсарту үшін Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан мыналарды жүзеге асырулары тиіс:

1. Мүгедектігі бар әйелдерге қатысты жыныстық (сексуалды сипаттағы) зорлық-зомбылық мәселесі жөніндегі шешімдерде салааралық байланыс және инклюзивтік көзқарасты ұстану.

- ◆ сот төрелігі, құқық қорғау органдары, денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау жүйелері, сонымен қатар азаматтық қоғам өкілдерінің қатысуымен мүгедектігі бар әйелдерге қатысты жыныстық (сексуалды сипаттағы) зорлық-зомбылықтың алдын алу және қарсы әрекет етуде үйлестірілген салааралық байланыстағы шаралар қолданумен бірмезгілде мүгедектігі бар әйелдерге қатысты жыныстық (сексуалды сипаттағы) зорлық-зомбылық мәселесін адам құқықтары жөніндегі ұлттық стратегиялар мен іс-әрекет жоспарларына тікелей енгізуді жүзеге асыру.
- ◆ мүгедектігі бар әйелдер мен қыз балалардың және олардың мүдделерін білдеретін ұйымдардың барлық релевантты заңдар, саясат және қызметтерді әзірлеуге, имплементациялауға және мониторинг жүргізуге мазмұнды қатынасуларын қамтамасыз ету.
- ◆ мүгедектік, жыныс, гендер, жас белгілері және басқа да негіздермен көптүрлі және өзара байланысты кемсітуге тікелей тыйым салатын кемсітушілікке қарсы кешенді заңнама қабылдау, және құқық қолдану мен құқықтық қорғаудың тиімді тетіктерін белгілеу.

2. Толық құқықтық субъектілікті мойындау және қорғаншылық туралы заңнаманы реформалау

- ◆ Қорғаншылық режимдерін жою және Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы конвенцияға сәйкес қолдаулы шешімдер қабылдау тетіктерін енгізу.
- ◆ Өзбекстанның Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы конвенцияның 12 бабына қатысты ескертпесін алып тастау және мүгедектігі бар адамдардың құқықтық субъектіліктерін толық мойындауға кепілдік беретін релевантты құқықтық және процедуралық өзгерістерді әзірлеу.

3. Зорлық-зомбылықтың келісім тұжырымдамасына негізделген анықтамасын қабылдау

- ◆ Заңнамаға зорлық-зомбылықтың келісім тұжырымдамасына негізделген анықтамасын енгізу керек, оған орай келісім – адам құқықтарының халықаралық стандарттарына сәйкес – қоршаған жағдайлардың бағалануымен тұлғаның тәуелсіз ерік білдіруінің нәтижесінде ретінде, ерікті түрде берілуі тиіс.
- ▶ Жыныстық (сексуалды сипаттағы) зорлық-зомбылыққа қатысты істерде сот және тергеу органдарының келісімді бағалауларында контекстуалды көзқарасты қолдануларын қамтамасыз ету. Бұл мүгедектігі бар әйелдерге қатысты жыныстық (сексуалды сипаттағы) зорлық-зомбылық істерде жәбірленушінің когнитивтік не интеллектік қабілеттерін бағалаудан кетуді және назардың (фокустың) айыпталушының әрекеттеріне, және-те басқалармен қоса алғандағы, мүгедектікке байланысты ерекше осалдық, биліктің теңгерімсіздігі, тәуелділік, институционалдандыру, қарым-қатынастағы кедергілер не бұрын орын алған күштеу не бақылау сияқты қоршаған орта мән-жайларына қарай ауысқандығын білдіреді.
- ▶ Оқытулар және процессуалдық басшылық құжаттар негізінде тергеушілер, прокурорлар мен соттардың қарым-қатынас сипаты, қорқыныш, тәуелділік не контекстің (мән-жайдың) басқа да белгілері сияқты істің осындай ерекше жағдайларын анықтауларын, құжаттауларын және бағалауларын, сонымен қатар жәбірленушінің процесске толық көлемде қатынаса алуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қолдаулар мен бейімделген құралдардың болуларын талап ету.
- ▶ Тәуелділік, институционалдандыру, немесе жәбірленушіге қажетті көмек не күтім жасауға орай бақылау жағдайларында жасалынған жыныстық (сексуалды сипатты) актілердің шынайы келісімсіз деп заңды түрде танылуын қамтамасыз ету. Бұл айыпталушы күтім жасаушы не қызметтер көрсетуші тұлға, отбасы мүшесі немесе жәбірленушінің өзіне тәуелділігін пайдаланушы билік өкілі болып табылатын жағдайларды да қамтиды.
- ▶ Сырттай келісім, қарсылықтың болмауы не формальды ауызша келісімнің, егер ол қорқыныш, манипуляция не жүйелі түрдегі мәжбүрлеулер нәтижесінде алынған болса, жарамды келісім болып табылмайтындығын заңнама және тәжірибеде анық бекіту.
- ◆ Қажетті заңнамалық өзгертулер қабылданғанға дейін, құқық қорғау және сот органдарының Қырғызстан, Қазақстан және Өзбекстанда, адам құқықтары саласындағы осы мемлекеттердің халықаралық міндеттемелеріне сәйкес, зорлық-зомбылық ұғымы анықтамасын қоса алғандағы, іс жүзіндегі заңдар бойынша түсіндірмелер беріп отыруларын, сонымен қатар, Жоғарғы Соттардың жыныстық (сексуалды сипаттағы) зорлық-зомбылықтарға байланысты қылмыстар бойынша өздерінің түсіндірмелерін жаңартып отыруларын қамтамасыз ету.

4. Қылмыстық сот ісін жүргізу шеңберіндегі процедураларды және қолдау қызметтерін жетілдіру

- ◆ Жыныстық (сексуалды сипаттағы) зорлық-зомбылық көрген мүгедектігі бар әйелдер мен қыз балаларды құқықтық қорғау құралдарының тиісті, тиімді, уақытылы, кешенді және жасалынған залал ауырлығының дәрежесіне сәйкес болуларын қамтамасыз ету. Құқықтық қорғау құралдары, қажеттіліктеріне орай, өтемақы (ақша түрінде, тауарлар не қызметтер түрінде), оңалту (медициналық және психологиялық көмек, және әлеуметтік қызметтер), және-те, қолданылатын жерде, кінәліні әділ, уақытылы және тиісті жазалауға әкелетін қылмыстық қудалауды қамтиды.
- ◆ Ex officio тергеу және жыныстық (сексуалды сипатты) зорлық-зомбылықтар орын алған барлық қылмыстарда айыптауды қолдауға кепілдік берілуі үшін қылмыстық-процессуалдық кодекстерге өзгеріс енгізу. Бітімге келу, медиация, қысым әсерінен өтінішті қайтып алуға немесе қылмыстық жауапкершілік не жазаланудан құтылуға мүмкіндік беретін басқа да тетіктерге рұқсат беретін баптарды жою.
- ◆ Дене жарақаттары не биологиялық іздерге жәбірленушінің көрсетуімен салыстырғанда аса басымдылық беретін кемсітушілік дәлелдеу стандарттарын жою.
- ◆ Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы конвенцияға сәйкес, интеллект бұзушылығы және/не психоәлеуметтік мүгедектігі бар адамдарды айғақтар беру құқығынан айыратын баптарын, сонымен қатар «іс үшін маңызды жағдайларды дұрыс қабылдауға және олар туралы айтуға қабілетсіз» деп анықталған осындай адамдардың көрсетулерін автоматты түрде жарамсыз деп танитын нормаларды жою үшін Қылмыстық-процессуалдық кодекске түзетулер енгізу.
- ◆ Процестің барлық кезеңдерінде мүгедектігі бар әйелдердің гомогендік топ еместігін және қолдау мен көмектің жекеленген шараларын талап ететін түрлі қажеттіліктерін қабылдаумен физикалық қолжетімділік, бейімделген тіл, қарым-қатынастың ассистивті (көмекші) құралдары, қолдау беруші тұлғалар, жауап алудың икемді хаттамалары сияқты оңтайлы және бейімделген құралдарға кепілдік беру.
- ◆ Жыныстық (сексуалды сипаттағы) зорлық-зомбылық көрген әйелдердің түрлі қажеттіліктеріне бейімделген – жарақат-ақпараттандыру, психологиялық көмек және заңгер көмегі қағидаттарына негізделген қызметтер, шелтерлер сияқты қолдаудың қолжетімді қызметтерін көрсету.

5. Зорлық-зомбылықты анықтау, қолжетімділікті қамтамасыз ету және өтініш беру тетіктерін күшейту

- ◆ Жыныстық (сексуалды сипаттағы) зорлық-зомбылық жағдайларын, оның ішінде мекемелер мен ауылды жерлердегілерді де анықтау үшін гендер және мүгедектікке сезімтал жүйелер құру қажет. Хабар беру тетіктерінің физикалық және қарым-қатынастық қолжетімділігін қамтамасыз ету керек (қарапайым тіл, ым тілі, Брайль қарпі, бейімделген форматтар) және дәрігер, заң және психоәлеуметтік көмектер алуға бағыттау қондырғыларымен жабдықталған көпарналы байланыс құралдарына («сенім телефоны», СМС, онлайн чаттар, әмбебап орталықтар) қолдау көрсету керек.

6. Алдын алу, хабардарлық және әлеуетті арттыруды күшейту

- ◆ Адам құқықтарына, жәбірленушілердің қажеттіліктеріне бағытталған көзқарастарға сүйене отырып, сонымен қатар Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы конвенция және Әйелдерге қатысты кемсідудің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның стандарттарына сәйкес, жыныстық (сексуалды сипаттағы) зорлық-зомбылық және мүгедектілік мәселелері туралы құқықтық сот төрелігі секторы (тергеушілер, прокурорлар, соттар, заңгерлер, медицина мен әлеуметтік сала, дағдарыс орталықтары қызметкерлері және басқаларды қоса алғандағы) қызметкерлеріне арналған басшылық құжат әзірлеу.
- ◆ Әзірленген кәсіби басшылық құжат негізінде полиция қызметкерлері, прокурорлар, соттар, заңгерлер және құқықтық сот төрелігі саласындағы басқа да мамандар, сонымен қатар (медицина және әлеуметтік қызметкерлер, дағдарыс орталықтары қызметкерлерін қоса алғандағы) жәбірленушілермен өзара қарым-қатынастағы қызметкерлер үшін де міндетті және тұрақты түрдегі оқытулар жүргізу.



7. Деректер жинау мен мониторинг жүргізуді жақсарту

- ◆ Кем дегенде жасы, жынысы және мүгедектігі деген санаттарға бөліп, мүгедектігі бар әйелдер мен қыз балаларға қатысты жыныстық (сексуалды сипаттағы) зорлық-зомбылық туралы жан-жақты әкімшілік деректер жинау.

8. Адам құқықтары жөніндегі халықаралық құралдарды ратификациялау

- ◆ Адам құқықтары саласындағы қалған халықаралық құралдарды ратификациялау және имплементациялау, атап айтқанда:
 - ▶ Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан: Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы күрес туралы Еуропа Кеңесінің конвенциясы (Стамбул конвенциясы)
 - ▶ Қырғызстан: Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы конвенцияның Факультативтік хаттамасы
 - ▶ Өзбекстан: Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенция және Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы конвенцияның Факультативтік хаттамалары



A just world for all women and girls



equalitynow.org



programs@equalitynow.org



[@equality-now](https://www.linkedin.com/company/equality-now)